

3) мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелерді орындауға;

4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектей формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім нысанын сақтауға;

ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар) мекеменің жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сондай-ақ мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға жауапты болуға міндетті;

мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалы басқару нысаны – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;

мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

директор жауап береді:

1) лауазымдық нұсқаулықта белгіленген нормативтік актілерді, басқару органдарының бүйректарын, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

2) нормативтік актілерді, облыстық және қалалық/аудандық маңызы бар-білім беру органдарының бүйректарын, лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

3) білім алушының жеке басына қарсы физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеудің бір реттік әдістерін қолданғаны, сондай-ақ өзге де азғындық әрекеттерді жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін;

4) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін үйімдастырудың санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға педагогикалық қызметпен айналысуға рұқсат етіледі. Келесі адамдар жұмысқа жіберілмейді:

1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте түргандар. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог езінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде тіркелмегендігін кез келген занды түрде растайды;

3) сottың занды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;